Н.Қ. ТОҚСАНБАЕВА



# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

Әдістемелік құрал

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Н.Қ. Тоқсанбаева

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

*Әдістемелік құрал*

Екінші басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.3
Т 53

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық баспа кеңесі шешімімен ұсынылған (№6 хаттама 18.07.2024 ж.)*

**Пікір жазғандар:**
психология ғылымдарының докторы, профессор ***З.Б. Мадалиева***
психология ғылымдарының докторы, профессор ***М.А. Перленбетов***
психология ғылымдарының докторы, профессор ***М.А. Еркінбекова***

**Құрастырған**
психология ғылымдарының докторы,
профессор ***Н.Қ. Тоқсанбаева***

**Тоқсанбаева Н.Қ.**
Т 53 Психологиялық диагностика: әдістемелік құрал / құраст. Н.Қ. Тоқсанбаева. – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2025. – 172 бет.
**ISBN-978-601-04-6986-0**

Әдістемелік құралға кәсіби қабілеттерді анықтауға, тұлға күйлері мен психологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған әдістемелер және тесттер, жобалау әдістері кірді.

Әдістемелік құралы мектеп психологтарына, университет және пед-колледж студенттеріне ұсынылады.

**ӘОЖ 159.9**
**КБЖ 88.3**

ISBN 978-601-04-6986-0

© Тоқсанбаева Н.Қ., 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

# КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамның маңыздылығы адамның жеке қызығушылықтарының тұрақты өсуі болып отыр. Адамдар өз мүмкіндері мен олардың шектерін білгісі келеді және жеке тұлғасының ерекшеліктері де, қоршаған адамдардың ішкі әлемінің заңдылықтары да олардың назарын өздеріне аудартады.

Адам қандай жеке қасиеттерге ие екенін психодиагностикалық рәсімдер және басқа тестер де жеткілікті дәрежеде нақты және тез анықтауға көмектеседі. Осының нәтижесінен алынған білімдер индивид тағдырында болған оқиғаларды түсінуге, келешекте мүмкін болатын жетістіктерді болжауға және жеке мақсатқа жету жолындағы көптеген кедергілерді табыстылықпен жеңуге мүмкіндік береді.

Психологиялық тестердің басты мақсаты адамдар арасындағы айырмашылықты өлшеу немесе бір адамның түрлі жағдайлардағы реакциясын анықтау болып табылады. Қазіргі уақытта тестілеу мектеп психологының басты практикалық жұмысы болып толық енді. Баланың мектептегі бірінші сыныпқа қабылданар алдында оның оқуға дайындығын, танымдық процесінің қалыптасу деңгейін және тағы басқа да мінез – құлқының дамуын анықтайды. Интеллектуалды артта қалған балалар мен ерекше дарында балаларды анықтау, академиялық үлгерім деңгейінің төмен болуының себептерін бағалау, сыныптағы тұлға аралық қатынастар мәселелері, оқушыларға кәсіби кеңес беру – мұның бәрі білім беру саласындағы тестерді қолдану аясының тек бірнеше ғана мысалдары.

Сонымен бірге, психологиялық тест – бұл маманның қолындағы ең қажетті де маңызды психометриялық құрал. Тест жүргізілгеннен және тап осы өңдеуден кейінгі нәтиженің әсері мен одан алынған ұпайдың мәнін түсіну - тек білікті маманның теориялық